

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ

«Көркем әдебиет: текстология және аударма»
атты белгілі ғалым, профессор, филология ғылымдарының
докторы Светлана Ашимхановнаның 80 жылдығына арналған
Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан 26 қазан 2023

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-исследовательской конференции
«Художественный мир: текстология и перевод»,
посвященная 80-летию известного ученого, профессора,
доктора филологических наук Светланы Ашимхановной

Алматы, Казахстан 26 октября 2023

MATERIALS

International Research Conference
“The Artistic World: Textual Criticism and Translation”,
dedicated to the 80th anniversary of the famous scientist, professor, doctor of
philological sciences Svetlana Ashimkhanovna.

Almaty, Kazakhstan October 26, 2023

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ
PHILOLOGICAL FACULTY

«Көркем әдебиет: текстология және аударма» атты белгілі ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Светлана Ашимхановнаның 80 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының материалдары
Алматы, Қазақстан 26 қазан 2023

Материалы Международной научно-исследовательской конференции **«Художественный мир: текстология и перевод»**, посвященная 80-летию известного ученого, профессора, доктора филологических наук Светланы Ашимхановной
Алматы, Казахстан 26 октября 2023

MaterialsInternational Research Conference **“The Artistic World: Textual Criticism and Translation”**, dedicated to the 80th anniversary of the famous scientist, professor, doctor of philological sciences Svetlana Ashimkhanovna.
Almaty, Kazakhstan October 26, 2023

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
К69

Бас редактор

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі,
PhD Аймагамбетова М.М.

Ғылыми редактор:

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының кафедра меңгерушісінің
Ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары,
ф.ғ.к. Акимбекова Г.Ш.

Редакциялық алқа мүшелері:

Алпысбаева А.Е., Бауыржанұлы Е, Абдуллаева А.А.

«**Көркем әдебиет: текстология және аударма**» атты белгілі ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы Светлана Ашимхановнаның 80 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының материалдары
Алматы, Қазақстан, 26 қазан, 2023 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 186 бет.

ISBN 978-601-04-6527-5

Ғылыми басылымда студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары енгізілген.

Бұл жинақ ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналады.

ISBN 978-601-04-6527-5

I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚАН СЕРІ МЕТАФОРАЛЫҚ ОБРАЗЫНЫҢ АУДАРМАДА САҚТАЛУЫ

Айтбаева К.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
3 курс докторанты
Тараков А.С.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
профессор

Аннотация. Статя посвящена лингвокогнитивному исследованию особенностей передачи в английском переводе метафорического образа Акан Сери, созданного в поэме Ильяса Жансугурова «Кулагер».

В качестве материала исследования рассматриваются примеры описания Акана Корамсаулы метафорическими образами в поэме и их английские переводы, выполненные Белиндой Кук. Описаны основы перехода между метафорами, показаны переводческие приемы и решения для сохранения образа поэта.

Анализ этих метафор важен для того, чтобы показать, что Ильяс Жансугуров поэтическим искусством эстетично и эмоционально передал не только свое личное отношение к известному поэту Акану, но и уважение казахского народа к творческой, чистой, правдолюбивой душе поэта. Также концептуальные метафоры, использованные автором: поэт – конь (тулпар, скакун, дулдул), поэт–птица (воображаемая птица, орел, соловей), поэт – природа (ветер, гора) и т.д., определяют соответствие с национальной картиной мира. В статье рассматриваются особенности сохранения поэтического образа поэта XIX века Акана сери в метафорическом континууме поэмы «Кулагер», определенные в ходе лингвокогнитивного анализа методом сравнения перевода с оригиналом.

Ключевые слова: *И. Жансугуров, Акан сери, метафорический образ, концептуальная метафора, перевод метафоры*

Annotation. The article is devoted to features of preserving the poetic image of the 19th century poet Akan Seri in metaphorical continuum of the poem “Kulager”, determined during linguocognitive analysis by comparing translation with original.

As research material, examples of metaphorical describing Akan in the poem “Kulager” and their English translations made by B.Cook are considered. The basics of transition between metaphors are described, translation techniques and solutions for preserving the image of the poet are shown.

The analysis of these metaphors is important to show that I.Zhansugurov, through poetic art, aesthetically and emotionally conveyed not only his personal attitude towards the famous poet Akan, but also respect of the Kazakh people for the creative, pure, truth-loving soul of the poet. Conceptual metaphors caused by the author’s usage: poet–horse (tulpar, racer, duldul), poet–bird (imaginary bird, eagle, nightingale), poet – nature (wind, mountain), determine compliance with the national picture of the world.

Keywords: *I. Zhansugurov, Akan Seri, metaphorical image, conceptual metaphor, metaphor translation*

Ильяс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын жазуына Ақан (Ақжігіт) Қорамсаулының шынайы өмірінен алынған белгілі оқиға негіз болды, серіоны өзінің «Құлагер» әнінде сипаттаған. Поэмада Ақан әні толығымен беріліп, мәтін ішіндегі мәтін қызметін атқарып, «Құлагер» поэмасының интермәтіндік құбылысын көрсетеді. «Құлагер» сөзінің ассоциативтік өрісіне ең алдымен Ақан серінің кіруі де сол прецеденттік оқиғаға байланысты.

Ақан сері – қазақ мәдениетіндегі сал-сері институтының танымал өкілі, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік зор орны бар, өмірі түрлі қиындыққа толы күрделі тұлға. Ақын өмірі сол замандағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әлем бейнесінің көрсеткіші болғандықтан оның образын бір шығарма аясында толық ашу мүмкін емес еді. Поэма авторы І. Жансүгіров Ақанның махаббат пен жалғыздық мәселелерін, оның ақ патшаға жер мұның, ел шерін жеткізетін, жақынынан жар сүйіп, сондықтан тау пәлені басына үйгендігін, болыс-биден көрген азаптарын атап өтіп, бірақ оларды ары қарай тереңдетпейтінін *Соқпадым онысына осы арада, Бар ма деп жолдастарым жазып жүрген...* деген өлең жолдарымен білдіреді. Бұл жерден біз Ақан серінің өмірі мен шығармашылығы І. Жансүгіровтің М. Жұмабаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сияқты замандастарының зерттеу объектісі екенін меңзегенін байқаймыз. Алайда поэма тақырыбы *«Ақан емес, Құлагер болғанымен»*, поэма басында ретроспекция арқылы көрсетілген *«Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр»* жолынан басталып, қу бас ілінген қайыңның түбін көлеңкелеп отырған қара шал Ақан образының трагедиялық өрбуін білдіреді. Жалпы ақынның бейнесіне жүгіну ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрге ие. Көбінесе көптеген авторлардың тағдырлары ортақ мотивтермен – жалғыздықпен, дүниетаным ұқсастықтармен, әдеби шеберлікке деген құрметпен, ақырында қайғылы өліммен байланысты.

«Құлагер» поэмасының метафоралық континуумінде 19 ғасыр ақыны, серісі Ақанның поэтикалық образы (сері, пері, әулие, сұңқар, қыран, қайың, тау, саңлақ, тұлпар, қаз, қу, Лермонтов, боз бура, жігіттің Көкшетауы және т.б.) автордың өзіндік идиостилине сай толыққанды айқындалған [1]. Поэмадағы ақынға қатысты метафоралар Ақан серінің көркем бейнесін – образын жасап, оны қалыптастырған.

Метафора – «бір түрдің мәнін екінші түрдің мәні тұрғысынан түсіну және сезіну» [2, 5]. Метафоралар, бір жағынан, адамның дүние туралы түсінігін тереңдетіп, жаңа гипотезаларды тудыратын когнитивті үдерістер ретінде әрекет етсе, екінші жағынан, адам санасы мен мәдениеті арасындағы делдал қызметін атқарады [3, 360]. Метафора – адамның ойлау деңгейінде пайда болатын, содан кейін тілдік құрылымдарда көрініс табатын үдеріс. Сондықтан қазіргі тіл білімінде метафораны зерттеу дәстүрлі көзқарастың шектеулерін еңсерген когнитивтік-дискурсивті парадигма аясында кең тараған [4, 43].

Адамның қабылдауын үздіксіз зерттеу адамның ойлау процестері тілдік сөз тіркестерінде, әсіресе көркем мәтіндерде қалай көрініс табады деген сұрақты тудыруы заңды. Сәйкесінше, қазіргі лингвисттер когнитивтік метафораның психикалық құрылым ретіндегі рөлін зерттей бастады. Санамен қабылданатын дүниенің және оның тілде бекітілген бейнесінің болуы негізінде әлем бейнесінің екі пішімі анықталады – концептуалды және лингвистикалық.

Концептуалдық метафора – білімнің әртүрлі салаларына (домендерге) жататын ұғымдар (концептуалдық құрылымдар) арасында байланыс орнатуға негізделген маңызды когнитивтік механизмдердің бірі. Метафораны дәстүрлі «лингвистикалық» түсінуден айырмашылығы, ол ойлаудың әмбебап қасиеті болып табылады. Метафора тек тіл саласына жатпайды, ол вербалды да, вербалды емес (кескіндемеде, музыкада, ым-ишарада және т.б.) те құралдармен білдірілуі мүмкін.

Ежелгі заманнан бері адам жануарлар әлемімен тығыз байланыста болды, сондықтан адамды жануармен салыстыру және жануарлардың атауларын адамға телеу табиғи нәрсе. А.Ю. Гудавичюс атап көрсеткендей, метафоризацияның әмбебап тенденцияларының бірі зооморфизм болып табылады [5, 24].

Бұл категорияға «Құлагер» поэмасында Ақан сері метафоралық образын жеткізудегі қазақ халқы жеті қазынаның қатарына кіргізген жүйрік ат, қыран бүркітті мысалға келтірсек болады.

Ақан – сері, ақын, әнші болғандықтан, оның нағыз ақындық образын сипаттауда автор орнитологиялық метафора болып табылатын *ақын – құс* концептуалды моделін қолданады. Құстар жануарлар әлемінде ерекше орын алады, олар адам өмірінде маңызды рөл атқарады.

Құстардың атаулары ұлттық мәдениет пен менталитеттің ерекшеліктері туралы мәлімет береді, тілдік тұлғаның санасында маңызды рөл атқарады.

Қыран, самұрық, бұлбұл, байғыз, торғай, қаз-қу құстарды, оларға қатысты құрал-жабдықтарды, қасиеттерді, дене мүшелерін, түстерін, өлшемдері мен қозғалу ерекшеліктерін метафорлау, атап айтқанда ер жігітті алғыр қыран құсқа (бүркіт, сұңқар, лашын, бидайық, қаршыға, тұйғын, ителгі) теңеу – қазақ ауыз әдебиетінде, поэзиясында ежелден қалыптасқан үрдіс.

Сондықтан автордың Ақан сері бейнесін еркіндік символы болып табылатын қыран құсқа, бүркітке, сұңқарға, ән салатын бұлбұлға, бейғам өмірді сипаттайтын қаз бен қуға, жалғыздық пен жамандықты білдіретін байғызға, оның өнерін осы құстардың қимыл, әрекеттері арқылы көрсетуі түпнұсқа оқырмандарына етене жақын. Поэмада Лермонтов пен Пушкинді көктен атылған құсқа, ал Ақанды Лермонтовқа теңейтін метафоралар да бар. Бұл І. Жансүгіров тілдік тұлғасы когнитивтік деңгейінің ұлттық әлем бейнесімен ұштасып жатқандығының көрінісі.

Әлемдік әдебиетте қыран (бүркіт, сұңқар) әдетте күн символы болып табылады. Данте қыранды «Құдайдың құсы» деп атайды. Көптеген елдердің нанымдарда қыран сансыз батылдық, күш пен еркіндіктің өкілі болып табылады. Сондықтан қыран құсқа қатысты метафораны аудармада сақтау Белинда Кукқа қиындық әкелмегені заңды.

Бұлардан бөлек, жағымсыз кейіпкер Батыраштың Ақанды торғайға, өзін ақиық құсқа теңеген жері де бар. Бұл Ақан сері образын емес, өр көкірек Батыраш бейнесін көрсететін метафора десек те болады.

Поэмада Ақан сері образын бейнелеудегі кең айтылған концептуалды метафора *ақын – жүйрік*, оның ішінде тұлпар, саңлақ, дүлдүл.

Қазақ халқының көшпелі тұрмысында ерекше орын алатын жылқы ұғымы антропологиялық образ жасаудағы жиі қолданылатын өте бай, әрі өзіндік ерекшеліктерге толы ұлттық бейнелеу үлгісі. Жылқы малының әлемдік әдебиет пен мәдениеттегі жағымды бейнесі танымал болғандықтан, «Құлагер» поэмасындағы Ақан образына қатысты метафоралық модель поэманың ағылшын аудармасында ешқандай бұрмалаусыз сақталына алған.

Ақан сері сөзінің ассоциативті өрісіне енетін ұғымның бірі – *пері*. Бұл *жалғыздық – перілік* метафорасын өрбітуді қажет ететін мәселе.

Ақынның *перілігі* оның елден ерекше жалғыздығына байланысты, бұл жалғыздық ұғымы поэмада бірнеше айқындалып көрсетіледі.

Қазақ халқының рулардан құралатын ерекшеліктеріне байланысты ру күші, «*жалғыздық Құдайға ғана жарасады*» деген философиялық түсінігіне байланысты жалғыздықтың түбі жаман екендігі қазақ ұлтының әрбір өкіліне белгілі ұғым.

Поэмада Ақанның сол замандағы руластарының да ішіне сыймай, өз еркімен жапан түзге кеткенін көрсетеді. Сөздіктерде *перілер* (парсы тілінен) – тәубелеріне келгенге дейін жұмақтан қуылған күнәһар періштелер болып табылады. Бұндай ұғым христиан дінінде де кездесетіндіктен, аудармашының *пері* сөзін дұрыс түсінуінде еш кедергі жоқ. Алайда *пері* (қазақ тілінде жын-пері, сайтан) – дінменкөркем әдебиетте кездесетін табиғаттан тыс мифологиялық тіршілік. Бұған дәлел – І. Жансүгіровтің «*Жын құшып, жалғыз жүрген Ақан-пері*» сипаттамасы.

Поэма басында автор жалғыз шалды (Ақанды) елдің *әлде даңғұл, әлде мұңғыл* метафорасымен сипаттайтыны айтыла келе, бұл сөздердің алынған көзі ұлттық ауыз әдебиетіндегі ертегі жанры екендігін «*Осылай ертегі қып кетуінде*» жолдарымен білдіреді. Бұл жерде осы қос метафораның автор ұйқас үшін ғана емес, *маңғұл* сөзі *мақау* сөзінің ескі мағынасы екендігін білсек, біз *даңғұл* сөзінің қазіргі қазақ сөздіктерінде жоқ ескірген сөз және авторлық қолданыста *шу* мағынасын беретінін тек логикалық жолмен, антитеза әдісімен болжауымызға болады. Бұлар – «*даң қылу, мұң қылу*» сөздерінен жасалынған авторлық қолданыстағы метафоралар.

Бұлардан бөлек Ақан серінің метафоралық образында ақынды *жігіттің Көкшетауына, сопыға, шөгіп қалған боз бураға, тасталып, танылмаған асыл тасқа, сұңқар құстың сүймеген бір жұмыртқасына, қайыңдай мінсіз, таудай таза жігітке, жауынға, дауылға, тасқа, қу ағашқа* балау кездеседі.

Поэтикалық аудармада метафоралық образды сақтау мәселесі аударматану ғылымындағы ең көп кездесетін мәселелердің бірі болып табылады, өйткені образды түсіну, шындықты бейнелі коннотациялау ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ие, ал аударма мәтінінде түпнұсқа мәтінінің бейнесін тікелей жаңғырту көбінесе мүмкін емес. Аударма кезінде образдың сақталмауы шығарманың ассоциативті фонының бұзылуына әкеп соғатындықтан, бұл фонды қайта құру мәселесі табиғи түрде туындайды.

Көркем аудармада аудармашы аударма құралдарының тұтас арсеналына жүгінуі керек: бастапқы мәтінді түрлендіру, әртүрлі аударма стратегиялары мен аударма әдістерін қолдана отырып, аударма түрлендірулерін жүргізуі қажет. Мұндай аударма түрлендірулеріне *транскрипция, калька, сипаттамалық аударма, баламалы аударма, түсіндірме аударма, трансформациялық аударма, антонимдік аударма, алмастыру, қосу, түсіру, орнын толтыру, қайта реттеу, жалпылау, нақтылау* жатады.

Сипатталған жеткізу әдістерінің арқасында ғана аудармашы түпнұсқадағы кез келген көркем бейнені айтарлықтай дәрежеде сақтай алады, алайда бастапқы мәтіннің құрылымдық және стилистикалық қасиеттерін толығымен қайталай алмайды. Аударманың белгілі бір нұсқасының сәттілігі аудармашының аударылған мәдениеттің танымдық дерекқорын, бастапқы мәтін авторының танымдық саласының негізгі құрамдас бөліктерін, сондай-ақ оқырмандардың прагматикалық әлеуетін білуіне байланысты. Бұл лингвокогнитивті теория аудармасының маңызды заңдылықтарын көрсетеді.

Зерттеу барысында «Құлагер» поэмасындағы Ақан сері образын сипаттаған концептуалды метафораларды аудармада сақтау мақсатында жасалынған аудармашы шешімдерін үш түрге бөлуді жөн көрдік.

1. Түпнұсқа үлгісінің аударма тілінде баламасының жоқтығынан, не басқа коннотативтік құрамдас бөлікке, не қабылдаушы мәдениет тіліне сәйкес келмейтін фразеологиялық бірліктеріне байланысты аударма тіліндегі концептуалды үлгінің өзгеруімен жасалған аударма.

Мысалы, ұлттық аңшылық өнерінің бірден бір ерекше көрінісі, қыран құсты түлкіге салу, оның кейде түлкі қулығына алданып, тасқа ұрынуы ағылшын мәдениетінде баламасы жоқ ұғым. Сондықтан қыранның іс әрекеті теңеулер сипаттамалық, түсіндірме аударма әдісімен аударылған. Түлкі үшін тасқа түскен қыран құстай – *like the eagle who crashes against rocks, in pursuit of a fox, was caught by surprise. Түйіліп түлкі көрген қырандайын – like a falcon sighting a fox, preparing* [6]

Қазақ халқының дәстүрлі ұғымында байғыздың шақыруы жаман ырымға баланып, бұл құсқа қатысты әр түрлі аңыздар пайда болған. Сондықтан ауыл маңына келген құсты қыз-келіншек қуып отырған. Байғыз жалғыздық символы болып саналады. *Күйкініп отыр таста Ақан байғыз – poor Akans its on a stone*, бұл жерде аудармашы құс атын білдіретін *байғыз* сөзін эмотивті *байғұс* сөзімен шатастырғаны көрініп тұр. Алайда *байғыз* атауы адамдардың аяушылығынан *байғұс – ай* сөзінен уақыт өте келе пайда болды деген нұсқасына сүйенсек, бұл аударма қате деп айта алмаймыз. Аудармашы метафоралық бейнені бейметафоризациялау арқылы берген. Басқа мысалдар, *Саңлақ ед шыққан мыңнан, озған жүзден – Chosen from thous ands, ahead of a hundred* (тастап кету), *Сұңқар құс сүймеген бір жұмыртқасын ұядан садағалап тастаған ба? – Maybehewaslike the falcon, who cast sthe unloved egg from the nest* (*шіріген жұмыртқа мен сұңқар* метафоралық модельдерінің орнын ауыстыру), *Шығарып шерлі даусын құлындағы – a sad desperate cry* (бейметафоризациялау), *Не еткен жан, әлде даңғыл, әлде мұңғыл? – Who is this man, a foolor a sage?* (түрлендіру)

2. Концептуалды үлгіні сақтайтын, бірақ тілдік өрнектері басқаша аударма. Бұл жағдайда аударма шектеулері концептуалды да, тілдік факторлармен де байланысты. Кейбір жағдайларда басқа тілдік өрнектің қолданылуы прагматикалық қажеттіліктен туындайды.

Мысалы, *Лермонтов, Пушкин көктен атылған құс – Lermontov, Pushkin, birds shot on the wing* (ауыстыру: көктен – wing), *Жүйріктей жиын жарған қағып жайтақ – With all the beauty of a galloping horse* (фраз. ауыстыру: жиын жарған – beauty), «*Жын құшып, жалғыз жүрген Ақан-пері*» – *Heis connected with jinn, only Akan is peri* (фраз. ауыстыру); *Аманың кетпеді ме «азғын», «пері»? – thus they named him, peri, 'fallen one'* (азғын – fallen), *Жігімнің бір күндегі Көкшетауы – when this Kokshetaus in gerrenewed the steppe* (Көкшетау – singer), *Қылады оны әулие әлде не ден – that he was a saint, or at least a hermit* (не – hermit).

3. Концептуалды үлгіні және ұқсас тілдік өрнекті сақтайтын аударма. Бұл жағдайда бізде түпнұсқа мен аударма мәтіндері арасындағы формальды жақындықтың ең жоғары дәрежесі бар, бұл жағдайда эквиваленттілік нормасы басқа аударма нормаларына, атап айтқанда, прагматикалық нормаға және жоғарыда аталған жағдайлардағыдай сөйлеуді аудару нормасына қайшы келмейтін жағдайда мүмкін болады.

Мысалы, *Біз бұлбұл күйін шерткен Ирандағы – Weare the night in galessing in gsweetlyin Iran, Лермонтов болмағанмен біздің Ақан – Eventhough Akan was not Lermontov, Арқаның жүйрігіндей ән салады – Hesingslike one of Arka's best races, Мынау шал – Ақан жалғыз, қашқындайын – and this old man the lonefugitive, Ақан, Боз бура бір күндегі тасқа шөгін – This formergreatwhitcamelsettledon a stone, Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген – floatingthroughlifelike a gooseorswan, Десеңдер қайда Ақандай қыран құсты – Youmightwonderwhyoureagle Akan, Кей-кейде жауын болып, жылап ақты – Sometimeshecriedlikethepouringrain.*

Түпнұсқа мен аударманың лингвокогнитивті салыстырмалы талдауы көрсеткендей, аудармашы метафоралық модельдерін барынша түпнұсқаға сай, баламалы жеткізуге тырысқан, алайда ағылшын тілінің лингвистикалық нормасына байланысты эквиваленті жоқ метафораларды аударуда ауыстыру, түсіндіру, сипаттау, түрлендіру әдістерін қолданған. «Құлагер» поэмасының ағылшын аудармасында І. Жансүгіров сипаттаған Ақанның метафоралық образы бұрмалаусыз сақталған, бұл аудармашының автор интенциясына адалдығын анықтайды.

Поэмадағы Ақан сері метафоралық образындағыбасқа да көптеген құрамдас бөліктер алдағы ғылыми зерттеулердің мақсаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жансүгіров І. Құлагер – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006 – 268 бет. (қаз., орыс.)
2. *Lakoff G., Johnson M. Metaphors WeLive By.* – Chicago: Univ. ofChicago Press, 1980 (2008).
3. МакКормак Э. Когнитивная теория метафоры // Теория метафоры: сб. пер. с англ., фр., нем., исп., польск. яз.; вступ. ст. и сост. Н.Д. Арутюновой / общ. ред. Н.Д. Арутюнова и М.А. Журиной. – М.: Прогресс, 1990. С. 358–387.
4. Александрова О.В. Общие и частные проблемы филологии и когнитивной лингвистики // Концептуальное пространство языка: сб. науч. тр. – Тамбов: Изд. дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2005. С. 40–46.
5. Гудавичюс А.Й. Семантический процесс антропоцентрической метафоризации (на примере зооморфизмов русского и литовского языков) // Семантические процессы в системе языка: межвуз. сб. науч. тр. – Воронеж: Изд-во Воронеж. ун-та, 1984. С. 24–27.
6. Jansugurov Ilias. Kulager. Ilias Jansugurov. Translated by Belinda Cooke. – Almaty, – 2018, – 160 pages (ағылш.)

МАЗМҰНЫ

Алпысбаева А.Е. ЖИЗНЬ И ПУТЬ НАУКИ: ОБЗОР ТРУДОВ УЧЁНОЙ СВЕТЛАНЫ АШИМХАНОВНЫ.....	5
Мұсалы Ләйлә. ПРОФЕССОР СВЕТЛАНА ӘШІМХАНҚЫЗЫ – 80 ЖАСТА	8
Куратова О.А., Новикова С.В. К ПРОБЛЕМЕ АДАПТАЦИИ МИГРАНТОВ В ГЕРМАНИИ (НА МАТЕРИАЛЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ).....	9
Кудырбайева Назым (Алматы, Казахстан). LITERARY FAIRY TALES AND THEIR EVOLUTION.....	12
Жанысбекова Э.Т., Закирова Н.И. SEMANTIC STRUCTURE OF KAZAKH AND ENGLISH FAIRY TALES.....	15
Байсариева Дана Ғабитқызы. ШАРЛОТТА БРОНТЕНІҢ «ДЖЕЙН ЭЙР» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ.....	18
Пшенина Т.Е. ПАРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ЯПОНСКОГО ЯЗЫКА В ПЕРЕВОДЕ НА РУССКИЙ (НА ПРИМЕРЕ МАНГА	22
Seralina A.K., Omarbayeva G.S. FEATURES OF THE TRANSLATION OF GENDER, NUMBER AND CASES FROM ENGLISH INTO KAZAKH IN A LITERARY TEXT BASED ON THE BOOK BY J.K. ROWLING «HARRY POTTER AND THE PHILOSOPHER’S STONE».....	26
Абдрасил Н.С., Жапарова А.Ж.. XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ АУДАРМАДАҒЫ РӨЛІ.....	29
Baieli A.Zh., Almas N.A. UNRAVELING THE THEORIES OF FOREIGN TRANSLATION: BRIDGING LINGUISTIC AND CULTURAL DIVIDES	32
Айтбаева К.Б., Тараков А.С. І. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚАН СЕРІ МЕТАФОРАЛЫҚ ОБРАЗИНЫҢ АУДАРМАДА САҚТАЛУЫ	36
Байелі Ә.Ж., Сұлтанмұратова Ә.Д. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ АУДАРМА САЛАСЫНА ДЕГЕН ЫҚПАЛЫ	41
Ғабдкаримова Г.С. АУДАРМАДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕУ (АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЫСАЛЫНДА.....	43
Iskakbayeva Ainur. DECODING AS A MAIN STEP IN LITERARY TRANSLATION.....	47
Zhussupova Akbota. LINGUOCULTURAL PECULIARITIES OF TRANSLATION OF EMOTIONAL-EXPRESSIVE UNITS.....	49
Кеңесхан А.Ш. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР	53